

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Черногория Үкіметінің арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 688 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылғы 6 желтоқсанда Дублин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Черногория Үкіметінің арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 4 ш і л д е д е г і  
№ 6 8 8 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ 1 5 5 8 қ а у л ы с ы м е н  
мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Черногория Үкіметінің арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім**

**(2016 жылғы 25 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 4, 63-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Черногорияның Үкіметі (бұдан әрі «**Т а р а п т а р**» деп аталатын),  
екі мемлекеттің достық қарым-қатынастарды нығайтуға деген ұмтылысын назарға  
а л а о т ы р ы п ж ә н е  
дипломаттық және қызметтік паспорттардың, иелері – Тараптар мемлекеттері  
азаматтарының өзара сапарларына жәрдемдесуге ықылас білдіре отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің азаматтары, жарамды дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу, кету, транзитпен өту немесе болу үшін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге визалық талаптардан босатылады.

## **2-бап**

Екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктің, консулдық мекеменің немесе халықаралық ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар, Тараптардың әрқайсысының мемлекетінің азаматтары, сондай-ақ олармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына тағайындалған мерзімде визасыз келе алады, бола алады одан кете алады.

## **3-бап**

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезде, егер олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, сол мемлекеттің заңнамасын сақтауға міндетті.

## **4-бап**

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында болуы қолайсыз деп танылған екінші Тарап мемлекетінің азаматы - дипломаттық немесе қызметтік паспорт иесінің келуінен бас тарту не болу мерзімін қысқарту құқығын өзінде сақтайды.

## **5-бап**

Тараптар жарамды дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен, олардың толық сипаттамасын қоса алғанда, осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

Дипломаттық және қызметтік паспорттардың жаңасы енгізілген не қолданыстағылары өзгерген жағдайда, олардың толық сипаттамасын қоса алғанда, Тараптар паспорттардың үлгілерімен олар қолданыла бастағанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы алмасуды жүзеге асырады.

## **6-бап**

Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматы дипломаттық немесе қызметтік паспортын екінші Тарап мемлекетінің аумағында жоғалтқан жағдайда, ол қажетті шаралар қабылдау үшін бұл туралы болу мемлекетінің құзыретті органдарына хабарлауға міндетті. Бұл ретте осы азамат мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі оған жаңа жол жүру құжатын береді және бұл туралы болу мемлекетінің құзыретті органдарын хабардар етеді.

## **7-бап**

Тараптардың әрқайсысы ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық денсаулықты қамтамасыз ету мақсатында, осы Келісімнің қолданысын уақытша тоқтата тұру, ішінара немесе толық тоқтату құқығын өзінде сақтайды. Осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру, тоқтата тұруды алып тастау туралы шешім, ол күшіне енгенге дейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа жеткізілуге тиіс.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүрген, осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген азаматтардың құқықтық жағдайына әсер етпейді.

## **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

## **10-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар Келісімнің 11-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

## **11-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн еткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде екінші Тарапқа хабарлай отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Мұндай жағдайда, осы Келісім Тараптардың бір жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарап алған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенге дейін күшінде қалады.

2012 жылғы 6 желтоқсанда Дублин қаласында әрқайсысы қазақ, черногор, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан  
Үкіметі үшін*

*Республикасының Черногорияның  
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК